ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019
ISSN 2710-3994

**Бас редактор:**
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)*

*Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихыинституты директорының орынбасары. (Казахстан)*

*Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағыЕуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
**Ғылыми редактор:**
Қозыбаева Махаббат Мәліккызы
**Редактор:**
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
**Жауапты хатшы:**
Қоңқабаева Арайлым
**Техникалық хатшы:**
Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
**Научный редактор:**
Козыбаева Махаббат Маликовна
**Редактор:**
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
**Ответственный секретарь:**
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
**Технический секретарь:**
Хумарзах Алтынбек

**Editor-In-Chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*

*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member ofGerman Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NationalAcademy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**
Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**
Khumarzakh Altynbek

# 1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Жанибай С.Б.**

Қорқыт Ата ат. Қызылорда мемлекеттік университеті

**Аңдатпа**. Мақалада XX ғасырдың басындағы қоғам өмірін қайта құрудың большевиктік бағдарламасында халыққа білім беру ісіне, мәдениет пен ғылымның мәселелеріне айтарлықтай орын берілген. Билік басына келместен көп бұрын В.И. Ленин мен оның пікірлестері әрбір ұлттық мәдениетке екі мәдениеттің бұқара халық мәдениеті мен қанаушылардың, буржуазияның мәдениеті бар екенін, әдебиеттің партиялық болуға тиістігін, ал мектеп ісін ұлтына қарай бөлуге жол берілмейтін ашық түрде мәлімдейді. Ресейде мемлекеттік билікті басып алғаннан кейін, большевиктер өздерінің мәдени жобаларын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндік алды. Олар жаңа мәдениет құрылысының мазмұны мен бағытын ұлт аймақтарында да уысынан шығармады.
**Түйін сөздер:** мектеп, Қазалы, білім беру, Түркістан, Қазақстан

# СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В ТУРКЕСТАНЕ В 1920-1940-Е ГОДЫ

**Жанибай С.Б.**

**Аннотация**. В этой статье рассматривается большевистская программа реструктуризации жизни начала XX века, в которой уделено большое внимание образованию, культуре и науке. Задолго до прихода к власти власти В.И. Ленин и его коллеги публично заявляют, что каждая культура двух культур – это культура массовой культуры и эксплуатации буржуазии, что литература должна быть партийной, а деление школьного дела - по этническому принципу. После захвата государственной власти в России у большевиков появился реальный шанс реализовать свои культурные проекты. Они не потеряли содержание и направление строительства новых культур в регионах страны.
**Ключевые слова:** Казахстан, Туркестан, Казалы, образование, школа.

# FORMATION OF THE SOVIET EDUCATION SYSTEM IN TURKESTAN IN THE 1920-1940S

**Zhanibay S.**

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda,Kazakhstan.

**Abstract**. The present article considers the Bolshevik Program for the Restructuring of Life in the XX century that paid close attention to education, culture and science. Long before coming to power V.I. Lenin and his colleagues publicly declared that each culture of the two cultures is a culture of mass culture and exploitation of the bourgeoisie, that the literature should be a party literature, and the division of school business should be based on ethnical principle. After the seizure of state power in Russia, the Bolsheviks had a real chance to implement their cultural projects. They did not lose the content and direction of the construction of new cultures in the country\s regions.
**Keywords:** Kazakhstan, Turkestan, Kazaly, education, school.

**Кіріспе**

ХХ ғасыр басындағы Қазақстанда ағарту ісі мен халықтың сауаттылық деңгейі мәдениет саласының мейлінше артта қалған және берекесі қашқан учаскесі болып табылды. Ел тұрғындарының басым көпшілігі не оқи, не жаза алмады, миллиондаған балалар мектептен тыс қалды, педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі өткір сезілді. Оқу-ағарту мақсатына бөлінген қаржы мардымсыз еді. Ол қалаға, облысқа, губернияға, т.б. территориялық әкімшілік бөліктерге бөлінген қаржының 2,5 процентінен аспай жататын. 1907 жылы, мәселен, Қазалы уезіндегі оқу-ағарту ісіне 1,8 мың сом ақша бөлініпті, бұл уезд бюджетінің 6 проценті ғана болатын, ал есесіне полицияның қажетіне бөлінген қаржы – 11,9 мың сом - бүкіл ақшаның 38 процентін құрады (Сембаев,1962,173). 1915 жылы Түркістан өлкесінің бюджеті 25 млн.сом болса, оның 575 мыңы ғана, яғни 2,3 проценті оқу ағарту ісіне арналыпты. Бөлінген қаржы жан басына шаққанда 13-26 тиыннан ғана тиетін еді (Өмірбеков,1936,13).

**Әдістеме**

Жалпы Қазақстан бойынша білімге жұмсалған қаржы 1913 жылы бір адамға шаққанда 40 тиынннан аспаған (Обидов, 1968, 127). Сондықтан большевиктер халық ағарту саласында кешенді және батыл шараларды жүзеге асыра отырып, ұлттық аймақта екі толағай мақсатқа жетудің ізіне түсті, біріншіден, сауаттылық пен білімнен шеттетілген қарапайым адамдардың сұранысын өтей отырып, олардың құрметі мен сеніміне ие болу мүмкіндігін жібермеді, екіншіден, білім беруді кеңейтумен қалың көпшілікке беймәлім маркстік-лениндік идеологияны еңбекші халық санасына сіңіріп, социалистік қоғамның теориясы мен практикасын өмірге енгізді. Алғашқы кезде өлкедегі әліпбилік сауаттылық мектептері мен курстары депутаттар Кеңесінің, революциялық комитеттердің және басқа да мемлекеттік құрылымдардың шешімдерімен және зиялы қауымның немесе сауатсыздардың бастамаларымен ашылды.Түптеп келгенде , қаржы тапшылығы оқу-ағарту ісін алға бастыруға үлкен кедергі туғызды. Қаржының жетіспеуінен оқу орындары қажет мөлшерде ашылмады, оқулықтар мен оқу құралдары, мұғалімдер жетіспеді, балалар мектепке тартылмай қала берді, нәтижесінде сауатсыздық мәселесі асқына түсті.

Қазақ даласындағы оқу ағарту ісі. Сауатсыздар қатарының ұлғаюына мектеп жүйесінің баяу өсуі тікелей әсер етті. ХХ ғасыр басындағы Қазақстанда мектептердің төрт түрі болатын:

1. Діни оқу орындары (мектептер мен медреселер);
2. Жаңа әдістемелік мектептер;
3. Орыс түзем мектебі;
4. Орыс мектептері;

Діни оқу орындарының дәл саны мен құрылымы жайлы деректер өлке бойынша сақталмаған. Өйткені оларды ашу үшін патша әкімшілігінің арнайы рұқсаты керек болатын. Ал, жергілікті жерлерде рұқсат қағаздың соңынан жүргісі келмеген болыстар, старшындар, молдалар көбінесе оқу орнын өз қалауынша ашып, оны арнайы санаққа, есеп-қисапқа кіргізбей отырды. Мектеп шәкірттерінің ата-аналары молданың еңбек ақысын өтеуге міндетті болды. 1917 жылы Ақмола облысында 15 мектеп пен медресе есепке алынып, оларда 970 шәкірт оқып жатқан екен (Ташкент, 1973, 19).

Аталмыш жағдай кейінгі жылдарда да өзгеріп кете қоймады. «Әр жердегі қазақтың өнер-білімі қарайлас, (Сембаев,1962,254). - деп жазды 1913 жылы А. Байтұрсынов,- сол себепті бір болыс, яки бір уезд елдегі оқудың таралуын көрсетсек , күллі қазақтағы оқуды шамалауға болады», Торғай облысында , дейді одан әрі автор, 1912 жылы 570109 қазақ тұрған екен, қазақ баласы оқитын 132 школ болған, яғни әрбір 3561 кісіге бір школдан келеді екен. Бар деген оқу орындарының өзі ауылдық жерде орналасқан еді. А. Байтұрсыновтың айтуынша, сонда оқыған балалар ілгері школдарға келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайды. Азғантай

үйренген орысша жазу-сызуынан қарайып, тілін ұмытып қалады (Байтұрсынов, 1993, 255).

Мектеп жүйесінің сұранысқа жауап бермейтін мынадай салыстырудан да байқауға болады. 1915-1916 оқу жылында бүкіл Қазақстанда 2011 мектеп болған екен. Бұларда 105мыңнан астам бала оқыпты, яғни әр мектепке 50 баладан келіп отыр. Әрине мұндай мектептерді шағын ғана оқу орны деп айтуға мүмкіндік бар. Егер сол жылдарғы өлке тұрғындарының үштен екісін қазақтар құраса, мектеп оқушылары қатарындағы балалардың 14-15 проценті ғана жергілікті ұлт өкілдерінің балалары болатын. Басқаша айтқанда қазақ балалары оқудан шет қағылып қала берді. Әсіресе қазақ қыздарының мектепке тартылуы нашар жүрді. 1915-1916 оқу жылында олардың мектепте оқып жүргендерінің саны 2000-ға да жетпеді.

Білім беру жүйесі. Мектептер мен олардағы оқушылардың саны осындай болғанда, оқытушы-мұғалімдер құрамы да айтарлықтай ұзап кете қоймады. Біріншіден, мұғалім кадрларын даярлайтын оқу орындары мардымсыз еді. 1878 жылы Орынборда алғаш мұғалімдік мектеп ашылғаннан кейін 1917 жылға дейінгіаралықта өлкеде қазақтан бар болғаны 300 мектеп маманы даярланыпты. Әрине, Қазақстаннан тыс жерлерде Омбыда, Қазанда т.б. қалаларда мұғалімдік семинарияларды бітірген мамандар өлкеге келіп еңбек еткені рас. Бірақ олардың қатары онша қалың емес еді. Сол себепті де мектептердегі мамандардың біліктілігі, кәсіби шеберлігі, әсіресе ауылдық мектептерде мейлінше төмен дәрежеде қала берді.

XX ғасыр басындағы қазақ мектептерінің және бір қиналған жері оқулықтар мен оқу құралдарының , бағдарламалардың тапшылығы еді. Мектептерде татар тілінде шыққан әдебиетті пайдалануға тура келді. Қолайсыздық пен кемшілік бала оқыту ісін қиындатпаса, женілдеткен жоқ.

Қалалық мектептерде оқу ісі біршама жолға қойылмағанмен ауылдық жерлерде оқу процесін ұйымдастыру бірізді бола бермеді.

20-шы жылдары да, одан кейінде де оқу-ағарту ісіндегі, оның ішінде сауатсыздықты жою үрдісіндегі, кемшіліктерді сынаған жарияланымдар Қазақстанда аз болған жоқ. Әдетте кемшіліктер жекелеген басшылардың , мекемелер мен ұйымдардың оралымсыздығымен байланыстырылатын. Алғаш рет мәселеге саяси астар беру, большевиктердің ұлт-мәдениет саясаты патша әкімшілігі саясатынан көп өзгеше емес деген пікірді дәлелдеу 20-шы жылдар аяғына қарай Парижде жарық көрген «Кеңестер билеген Түркістан» атты кітапта жақсы орын тапты. Бұл кітаптың авторы Парижде эмиграцияда жүрген белгілі қазақ Мұстафа Шоқай еді. Шығарманың деректік көзін негізінен «Еңбекші қазақ» бетінде жариялаған материалдар құрады. Мұнда Риддер заводы жанындағы маманданған жұмысшылар даярлайтын, фабрика –завод мектебінде қазақтардың жоққа тән екендігі, өйткені онда қазақ тілін білетін оқытушы жұмыс істемейтін, Қазақстанда мектеп саны өскенмен олардың басым бөлігі үй жаймен қамтамасыз етілмей отырғаны, ал қаржыландыру патша заманы тұсындағыдан құлдырап кеткені «Еңбекші қазақтан» алынған фактілермен дәйектенген. Сырдария губерниясында қазақтар барлық халықтардың 79 процентін, еуропалықтар 9,5 процентін құрайтын, ал осы губенияның мектептерінде оқитын қазақ баласы бар болғаны 6 процент қана, орыс балалары 53,2 процент екенін алға тарта отырып, автор «Кеңес үкіметі қазақтардың ақшасына орыс келімсектерінің баласын оқытады» деген тұжырым жасайды (Шоқай,1992, 96-97).

Большевиктердің мемлекет басшылығына әкелген 1917 жылғы Қазан революциясынан кейінгі ширек ғасырға жуық уақыт ішінде халыққа білім беру саласында қол жеткен өзгерістердің екеуі айрықша атап өтуге тұрарлық. Бірі –білім берудің сындарлы жүйесінің қалыптасуы, екіншісі

– білім берудің жүйесін басқарып, реттеп отыратын партиялық, мемлекеттік және қоғамдық мекемелер жүйесінің орнағуы. Қазақстанда білім беру жүйесі 20 жылдар басында-ақ дүниеге келді. Алғашқыда ол үш бөліктен тұрды:

1. Мектепке дейінгі білім беру орындары;
2. Мектептен тыс білім беру;
3. Мектептер;
4. Кәсіптік-техникалық білім беру;
5. Жоғары және орта арнайы білім беру орындары.

Білім беру жүйесіне басшылық жасаудың екі буыны қалыптасты. Бірінші буын республикалық басқару орындары. Оған Қазақ өлкелік партия комитеті, Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық комиссариаты Кеңесі, Оқу комиссариаты кірді. Екінші буынды жергілікті партия және кеңес органдары құрады.

Білім беру мен басшылық жасаушы жүйелерге тән белгі сабақтастық пен біріздiлік еді. Яғни, олардың әрқайсысы жеке-жеке жұмыс істеп тұрғанмен, шектеулі ғана міндеттерді шеше алады. Бар буынды немесе бөлікті сатылап өткенде ғана қабылдаған шешім мен алған білім толыққанды дәрежеге жететін.

Сауатсыздық жалғыз мәдениет саласына қатысты құбылыс емес.Ол қоғамдық қатынастардан, материалдық өндіріс саласының даму деңгейінен, саяси идеологиялық ахуалдан, қоғамдағы рухани, танымдық талап-сұраныстардан туындайтын нәтиже. Мәселен, орта ғасырларда, одан да әріде сауатсыздықтың қаймағы бұзылмай тұрғанмен ол әркімді алаңдата бермеді. Қоғамның ілгерілеуіне басқа тарихи алғы шарттар қажет еді. Жаңа дәуірде адамдардың, әсіресе, ересектердің сауаттылығы прогресс үшін шешуші факторға айналайын деді. 1897 жылы өткен бүкілроссиялық халық санағы империядағы тұрғындардың 21,1 проценті ғана сауатты екендігін көрсетті (Москва, 1997, 47).

Ал шет аймақтардағы отар өлкелердегі жағдай бұдан да сорақы еді. Айталық, Ақмола губерниясында 9 жастан асқандардың 14 проценті, Семей губерниясында проценті, Торғай облысында 6 проценті, Жетісу облысында 5 проценті, Сырдария облысында 5 проценті ғана оқи білетіндер екен. Бұл жерде ескере кететін бір жай бар. Ол – халық санағы жүрген кезде есепке бірінші кезекте орысша оқи білетіндердің алынғаны. Орысша оқи алмайтындардың ана тіліндегі сауаттылығы екінші сортты құбылыс ретінде қағазға түсірілді. Осының өзінде де отар өлкелердегі бұратана халықтардың сауаттылық деңгейі мейлінше төмен екендігі көзге ұрып тұрды. 1897 жылы санақ қорытындысы бойынша түркі татар тілдерінде сөйлейтін халықтардың әр мыңынан 96 еркек пен 50 әйел ғана оқи алатын күйде екен [9,126]. Арада 10 жыл өткен соң Түркістан өлкесіндегі сауаттылық 0,4 процентке ғана артқаны анықталды. Егер ғасыр басындағы Россияда 89 губерния мен облыс болса, сауаттылық деңгейі жағынан осылардың арасында Жетісу облысы 86-шы орында,Сырдария облысында 85-орында, Семей облысы 84-ші орында, Орал облысы 76-шы орында, Ақмола облысы 75-ші орында болатын.

XX ғасыр басындағы Қазақстан сауатсыздық жайлаған өлке болатын. Мұның басты себебі саяси қатынастар шеңберінде жатты. Отарлаушы Россия шет аймақтардың мәдени рухани дамуын қамтамасыз етуге еш ынталы емес еді.Бұл – бір. Екіншіден, ол Қазақстанға Шығыстағы саясатын жүзеге асыру үшін қажетті плацдарм ретінде ғана қарады.

Россияның халық ағарту министрі Д.А. Толстой XIX ғасырдың аяғында қол астындағыларға жолдаған бір жарлығында былай деген екен: «Біздің отанымызда тұратын барлық бұратаналарды оқытудағы түпкі мақсатымыз оларды орыстандыру және орыс халқымен мидай араластырып жіберу болып табылады. Орынбордың әскери губернаторы Сухтелен бұдан да «асып» түсіпті: «Қырғыздарды жайландыру, оларды Еуропа халықтары жеткен биікке көтеру тәрізді өсіре ниетпен мен әуре болмаймын, - дейді ол. –Мен қырғыздардың мәңгі малшы, көшпенді болып қалғанын, ешқашан астық екпегенін, ғылымды ғана емес, тіпті қолөнерді де білмеген жан тәніммен қалаймын.

Сонымен,кеңестер сауатсыздық мәселесін мемлекеттік маңызы бар іс дәрежесіне көтере отырып, оны салиқалы , жүйелі, тиімді жолмен шешуді таңдамай, күш қолдану, мәжбүр ету тәсіліне көшті.Ал, миллиондаған сауатсыздарды бір жылдан аз мерзім ішінде оқу-сызуға үйрету үшін қанша қаражат, мұғалім,оқулық, мектеп үйң т.б. керек екендігі, олардың бар жоғы есепке алынбады. Қолы көтере алмайтын шоқпарды беліне байлаған Кеңестер жүйесі өз қағазынан өзі жерініп, су аяғын құрдымға айналдырып жіберді. Тұтас республиканы дүрліктірген қате шешім үшін жауап берген ешкім болмады. Әміршіл-әкімшіл жүйе осылайша бой көтере берген еді.

1917-1920 жылдар сауатсыздықты жою жолындағы бетбұрысты кезең болды. Оның басты қорытындысы қоғам мүшелерін оқу, жазуға үйрету мемлекеттік маңызы бар деңгейге көтеріліп, қалың бұқараның сауатсыздықтан арылуға ұмтылысын туғызды. Хат танымаушылықпен айналысатын мемлекеттік құрылымдар сұлбесі аңықталды. Жинақталған тәжірибе өлкеде сауатсыздар қатары мейлінше көп болумен қатар негізгі күш-жігерді қай бағыттарда шоғырландыру керек екенін көрсетті. Әр істің бастауы қиын. Оқу құралдарының, қағаз қаламның тапшылығы, мектеп үйлерінің, мұғалімдердің жетіспеуі, бір жағынан, өлкенің шаруашылық мәдени потенциалының әлсіздігін көрсетсе, екінші жағынан сауатсыздыққа қарсы күрестің ұлғайған үстіне ұлғая беруінен туындаған еді. Үлкен істі ендігі жерде жоспарлы да ырғақты негізде жүргізу қажет болды. Соғыс қимылдарының аяқталуы, қазақ мемлекеттігінің құрылуы осыған мүмкіндік туғызғандай еді.

**Кеңес билігі тұсындағы білім беру ісі.** Кеңес өкіметінің нығаюымен әліпбилік сауатсыздықты жою үрдісі ұйымдасқан және жүйелі сипат ала бастады. Бұған ең алдымен Түркістан АССР Халық ағарту комиссариатының және Қырғыз революциялық комитеті жанынан мектеп бөлімінің құрылуы игі ықпал етті. Сауатсыздықты жоюдың басты мақсаты мен міндеттері, оның мазмұны Түркістан республикасы Халық ағарту комиссариатының қалалар мен селоларда ересек тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жою жөнінде курстар ұйымдастыру туралы 1918 ж. 26 шілдедегі Ережесімен және Түркістан Республикасы Кеңестері ОАК ересек адамдар үшін міндетті оқуды енгізу туралы 1919 ж. 3 желтоқсан Декретімен мейлінше анық белгіленді. Оның үстіне қос құжатта Мәскеудегі үкіметтің осы істегі негізгі құжаты РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы Халкомкеңес Декретінен хронологиялық жағынан бұрын қабылданды.

Ішкі және сыртқы қарсыластарын ашық майданда жеңген большевиктер Қазақ мемлекетін құрумен сауатсыздықты жоюға қолайлы ахуал туғызды.Бұған сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссияның жергілікті құрылымдары мен халыққа білім беру комиссариаты қызметі қосылған соң оқу-ағарту ісі тәп тәуір жанданайын деді.1920 жылғы 17 қыркүйекте қабылданған

«Халық арасындағы сауатсыздықты жою туралы» декретімен ол енді 8 бен 40 жас арасындағы сауатсыздарды жазу сызуға үйренуге міндеттеді. Сауатын ашып жүргендердің жұмыс күні бұрынғысынша 2 сағатқа қысқаратын болды. Декреттің орындалуы негізінен халық ағарту комиссариатына жүктелді. 1920 жылы бүкіл өлкеде мектептер саны 2413-ке жетіп, онда 144,9 мың бала оқып жатты. Әсіресе оқушы қазақ балаларының саны өскені көзге түсті. Егер 1914-15 оқу жылында қазақ оқушылары барлық оқушылар қатарында 7,5 процент болса, 1920-21 оқу жылында бұл көрсеткіш 21,7 ке жетеді. Аласапыран алты жыл ішінде мектептер жүйесінің 40 процентке, оқушылар санының 36 процентке ұлғаюына мұғалімдер қатарының өсуі де сай түсіп жатты: олар 3395-тен 4824-ке жетті (Алма-Ата, 1960,255).

Оқу-білім ісінің бұлайша тез көтерілуіне большевиктердің бостандық, теңдік, туысқандық жайлы жариялаған құжаттары мен халықтың негізгі дейін құрайтын кедейлердің, еңбек адамдардың көңіл-күйін өздеріне бұрып алуы тікелей себеп болды.

Жылдар бойы патша әкімшіліктерінің табалдырығын тоздырып, ауылда мектеп ашуға рұқсат ала алмаған қарапайым адамдар большевиктік құрылымдардан қажетті шешімді тез ақ

алатын болған соң мәдениет құрылысына жаңа серпін бере алды.

1927 жылы бүкіл өлкеде 3911 ғана мектеп жұмыс істеп тұрса, олардың әрқайсысына орта есеппен 80 оқушыдан, 2 мұғалімнен келді, бір мектеп 70 мың км ауданды қамтып отырды. Қазақстандағы осынау ауыр ахуалды Сырдария губерниясының мысалында байқауға болады. 1925- 26 жылы губернияда 2124 қазақ, 824 өзбек, 694 орыс, 335 басқа да ұлт өкілдері хат танып шықса, 1926-27 жылы 2318 қазақ, 1039 өзбек, 677 орыс, 87 басқа да ұлт өкілдері сауатын ашады. Бұлардың ішінде хат таныған әйелдер тиісінше 680 және 987 еді (20 процент шамасында). Губерниядағы 16- 45 жас арасындағылардың 95 проценті сауатсыз болғанмен екі жыл ішінде хат танығандар бір процентке ғана артыпты. Жылына 150 мың адамды әліппеге үйретіп отырғанның өзінде үш жыл мерзім әрі 2,4 млн сом қаражат керек екен, ал 1927 жылы сауатсыздық жоюға бөлінген қаржы 28,4 мың еді. Осы мәлеметтер келтірілген партиялық құжатта сауатсыздық жою ісінің баяу қарқындау себебі қаражат пен күштің жетімсіздігі, мектепке тартылмағандардың сауатсыздар қатарын үздіксіз өсіріп отыруы деп көрсетілген. Шынында да 1927 жылы губерниядағы 8-14 жылы жас арасындағы балалардың 18,4 проценті ғана мектепке тартылған екен. Мұғалімдердің 75 проценті болар болмас ғана біліммен жұмыс істеп жатты. Ауылдар мен қышлақтардағы мектептер жертөлелерге орналасты.

Халықтың мәдени білім деңгейін көтеретін кітапханалар, клубтар, оқу үйлері, қызылотаулар жүйесі революциядан бұрынғы жылдармен салыстырғанда бірнеше есе өскенмен қалың көпшіліктің қиналмастан бара қоятын мекеніне айналмады. Әсіресе көшпелі өмір салтынан қол үзбеген қазақ сияқты халықтар мәдени ағарту мекемелерінің тапшылығын тартты. Кейбір елді мекендерде кітапты пайдаланғаны үшін кітапханалар ақы алуды тәртіпке айналдырыпты, бұл да адамдардың оқу білімге ынтасын басқаны сөзсіз. 1927 жылы өлкенің ауыл селолық жерлерінде 1500-ге жуық оқу үйлері, шаруа үйлері, халық үйлері, кітапханалар, қызыл отаулар жұмыс істеп тұрды. Ауыл селолардағы 6 млн.ға жуық тұрғындарға 1,5 мың мәдени мекен мүлде аздық ететіні әркімге аян болса керек.

Қазақстан қалалары сауатсыздықпен күреске айтарлықтай ықпал ететін биікке әлі көтеріле қойған жоқ еді. 1926 жылы өлкедегі 44 қалада бар болғаны 0,5 млн адам өмір сүретін. Қалалықтардың негізгі денін орыстар, украиндер, өзбектер, татарлар құрады. Ал 81 мың қазақ қала тұрғыны болып есептелмегенмен 3,8 млн ауыл село қазақтарын мәдениет бұлағынан сусындатуға бұлардың қауқары шамалы еді. Қала мұғалімдердің саны 3 мыңнан аспады.Түйіндей келгенде, қаланың интеллектуалдық потенциалы өлкедегі сауатсыздықты жою ісіне мұрындық болардай дәрежеде емес еді. Бұл да Қазақстанда хат танымаушылықты жеделдете құртуға ықпалды фактор бола алмады.

Адамның сауатты болуы үшін ол оқитын кітап, газет-журнал болуы керек. Осы тұрғыдан келгенде де Қазақстандағы жағдай мәз емес еді. 1926 жылы өлкеде қазақ тілінде 10 газет (тиражы 27,5 мың), 3 журнал (тиражы 7,5) шығып тұрса, 77 атаумен оқулық және басқа әдебиет (тиражы кулық және басқа әдебиет (тиражы 302,5 мың) жарық көретін. Татар, өзбек, қарақалпақ т.б аз ұлттар тілінде мерзімді баспасөз шығару жоққа тән еді. 1928 жылы бүкіл Қазақстанда 39 газет, журнал, бюллетень 221 мын тиражбен, 312 атаулы кітап 1,5 млн тиражбен жарияланған

екен. Шамамен 4 адамға бір кітап, газет, журналдан келген. Сонда жарық көрген баспа өнімдері сауаттылардан артпай қала бергені сөзсіз. Сауатсыздарға қолға алып оқитын дүние ғана емес, қағаз- қарындаш та жете бермейді. Хат танымайтындар үшін қағаз-қалам тапшылығы аяздай батқанын жазушы А. Сейдімбеков «Қаныш берген қарындаш» деген деректі әңгімесінде келістіре суреттеген. Әңгіменің қысқаша мазмұны мынадай. 1927-28 жылдар шамасында Жезқазған өңірінің қазіргі Жаңаарқа ауданында тұратын он төрт-он бес мұғдарындағы бала Ж. Қалқаманов сауатсыздықты жою курсына барып жүреді. Оқу үшін қағаз, қарындаш, сияны әркім өзі табуы керек екен. Ал олар емге табылмайтын дүниелер. Сол тұста көзі қарақты бір азамат қызын оқыту

үшін сынық қарындашты отыз қадақ бидайға сатып алған көрінеді. Айналып келгенде Ж. Қалқамановтың ендігі арманы қағаз бен қарындаш болады. Бір ғажабы ел ішінің жағдайы қаншалықты ауыр болса да «Оқу керек!», «Сауатсыздық жою керек!» деген мәселені халықтың қолдағанын көреміз.

20 жылдардан бастап КСРО-ны мекендеген түркі халықтарының жазуын латын алфавитіне көшіру мәселесі күн тәртібіне қойыла бастады. Кеңес үкіметі алдын-ала латынға көшу туралы мәселе бойынша баспасөз беттерінде, жиналыстарда, пікір таластарын ұйымдастырды.

Осыған байланыста, 1926 жылы ақпан-наурыз айларында Баку қаласында Бүкіл одақтық бірінші Түркологиялық съезд өткізіліп, онда күн тәртібінде түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері және олардың әлеуметтік мәні, терминология мәселелері, түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту методикасы т.б. көптеген көкейтесті мәселелер қойылды. Осылардың ішінде ең маңыздысы, әлі үлкен талас-тартыс тудырғаны – түркі халықтарының тегіс латын алфавитіне көшуі жайындағы мәселе болды. Бұл съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Әзиз Байсейітов, Біләл Сүлеев, Нәзір Төреқұлов делегат болып қатысты. Қазақстаннан съезд президиумына А. Байтұрсынов сайланды.

Съезде түркі халықтарының латын жазуына көшуі жөніндегі пікір таласында делегаттар екі ұдайға бөлініп шыққан. Оның бірі – бұрыннан қолданылып келген, әрі нақтылы тіліне лайықталып, өзгертілген, ресми араб не орыс графикасын (мысалы, сол кезде чуваштар қолданып отырған) латынға ауыстырудың ешқандай не саяси идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісіне де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір- бірінен артық-кемдігі шамалы, керісінше, жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба мәдениетінен, жазба дәстүрден қол үзу қауіпін тудырады дегенді айтты. Ал, екінші тобы-араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын алфавиті түркі тілдерін европа мәдениетіне жақындастыра түседі дегенді дәлел етті. Алғашқы пікірлердің бірі – А. Байтұрсынов болды. Бұл жерде А. Байтұрсыновтың тұжырымдамасынан пантюрксистік немесе кеңеске қарсылық іздеу мүлде қисынсыз еді. Себебі ол араб жазуы арқылы ислам дінін уағыздауды көздеген жоқ, оның үстіне А. Байтұрсынов реформалаған қазақ жазуы қаракетті құран жазуынан мүлде алшақ екені айдан анық, пантюрксистік пиғылда болуы деу де орынсыз, ткерісінше, А. Байтұрсынов қазақ ұлтының, қазақ тілінің дербестігін (қазақтардың "іргелі жұрт" екендігін) қатты қолдаған адам. Шындығын айтқанда, мұның барлығы ақталғандық емес, А. Байтұрсынов сол кезде-ақ осы жазуға байланысты болсын, басқа жағдайда алып қарағанда да, жаңа "коммунистік" деген атпен жүргізіліп жатқан "рухани отарлау" саясатын түсінген еді. Сондықтан да, ол кезде Кеңес өкіметінің қалаған саясатына көнбеген адамға қандай айыпты болса да таңуға болушы еді. А. Байтұрсынов алфавит мәселесіне байланысты ұстанған бағытынан қайтпады. Бакуде өткен съезден кейін де өз пікірін қайталап отырды. 1926 жылы желтоқсанда Қызыл-Ордада өткен латын әрпіне көшу туралы болған кеңесте баяндама жасап, былай дейді: " ...Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын ала сөйлемекпін. Ең әуелі аңғартып өтетін бір нәрсе сол латын әрпін алу деген тіршілік мұқтаж қылғаннан ділгірлік қысып туғызып отырған мәселе емес....

Түрік жұртының 90%-ы баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының арап әрпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті-сауыттылық, оның жүзіндегі өнер-білім, ілім, емле, үйрету әдісі, баспа әдістері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер т.б.). Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес...

Артық тұрған қаржы керек, артық тұрған адамның күші, ісі керек. Мұндай екі шығын екі жұмысты көтергендей қаржы мен қайрат қазақ түгіл, түріктің қай жұртында да жоқ...

Он шақты күнде, он шақты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес. Әріп алмастыру деген ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске ала отырып

шешетін нәрсе дей келіп”, екі алфавитті 6 түрлі қырынан салыстырады да араб алфавитін қолайлы деп табады.

Бірақ, кеңес заманында ұлттық мүдделен идеологиялық қажеттілік басым тұрғанда А. Байтұрсыновтың қалай дәлөлдеп бақса да ой-пікірі өтпейтін еді. Солай болды да. 1928 жылы өткен ҚазАССР Орталық атқару комитетінің IV сессиясында қазақтың жаңа алфавитін 1931ж. енгізу туралы қаулы қабылданды.

Ахмет Байтұрсынов мемлекеттік басқару істерінде жүрсе де, ғылыми жұмыстармен айналысса да, оқытушылық-ұстаздық қызметтен қол үзбеген. Ол 1921-1928 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институты (КИНО-Казахский институт народного образования) деп аталатын оқу орнында, 1926-1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. 1928 жылдың қыркүйегінде Алматыда Қазақ мемлекеттік университеті ашылады.

1920 жылы маусым айында Қырғыз революциялық комитеті Халық ағарту бөлімінің, сол жылдың қыркүйегінде Киррევкомның өлкеде сауатсыздықты жою жөніндегі шаралар туралы нұсқауы мен бұйрығы шықты. Көп кешікпей сауатсыздықпен күрес жүргізу жөнінде төтенше комиссиялар құрыла бастады.Бірнеше айдың ішінде Қостанай губерниясының төтенше комиссиясы 347 мектеп, Орал губграмчекі 328 бастауыш саужой мектебін ашты.Оларда 653 саужой қызметкері 15 мыңнан астам адамды оқытты. Қостанайда сауатсыздықты жою күні өтті, оған барлық топтар мен драма үйірмелері жұмылдырылды. Осы және басқа да іс-шаралардың арқасында 1920-1921 оқу жылы республика бойынша 72,0 мың адам оқу мен жазуды үйренді.

Алайда кейінгі жылдары хат танығандар саны күрт түсіп кетті. «Себебі- аштық, делінген 1922 жылы 8 шілдеде жазылған ресми құжаттардың бірінде, бірде-бір саужойлық қызметкер атқарған жұмысына не көк тиын ақы, не азық-түлік паегін алмады». Тек қана 1924-1925 оқу жылында саужой жұмысының өрлеуі байқалды. Оған аштықты жеңу мен шаруашылықтағы табыстар ғана емес, 1924 жылдың басында «Сауатсыздық жойылсын» Бүкілодақтық қоғамының қазақ бөлімшесін құру да себеп болды. Қоғам сауатсыздықты жою «біркүндіктерін»,

